8D01301– «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында орындалған Каримова Гулим Сайлаубековнаның диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі Бузаубакова Клара Джайдарбековнаның жазбаша пікірі

| № п п/п | Критерийлер | Критерийлерге сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымды дамыту бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:<br>1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамытуының басым бағытына сәйкес (бағытты көрсету) | 1. «Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» атты Каримова Гулим Сайлаубековнаның 8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы, «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын бекіту туралыҚазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 727 қаулысы аясында орындалған зерттеу жұмысы болып табылады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған | **Талданып отырған зерттеу жұмысы ғылымға айтарлықтай үлес қосады, себебі** қазіргі білім берудің сипатын, оның мақсаттарын, мазмұны мен бағытын анықтауда болып жатқан өзгерістер білім беру үдерісіне құзыреттілік тұғырын енгізуге ықпал етті. Бұл тұрғыда бастауыш мектеп оқушыларының шетел тілін оқу мәселесі, яғни оқушылардың шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру және дамыту ерекше маңыздылыққа ие. **Жұмыстың маңыздылығы жоғары дәрежеде ашылған, өйткені** бастауыш мектепте білім беру стандартында бір-бірімен әр қилы әрекеттесетін бірнеше құзыреттіліктер сипатталған. Әдістемелік оқулықтарда шетел тілін оқытуда негіз болатын құзыреттіліктердің бірі ретінде шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілік қарастырылады. Бұл құзыреттілік өз бастамасын коммуникативтік құзыреттіліктен алып, екі жағдайда да ғылыми-танымдық, әлеуметтік және басқа ортада адамдар арасындағы тілдесімді меңзейді. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) **жоғары**<br>2) орташа;<br>3) төмен<br>4) өзі жазбаған | 1) Диссертациялық жұмыстың өзі жазу деңгейі **жоғары.** Зерттеу барысында автордың жеке өз ой-тұжырымдарын жеткілікті дәрежеде тұжырымдаған. Соның негізінде диссертант бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесін жаңа білім беру парадигмасына сәйкес және өзінің шетел тілін оқыту бағытындағы педагогикалық тәжірибесіне сүйене отырып негіздеген. Осыған орай диссертациялық жұмысты дербес орындалған, аяқталған зерттеу жұмысы деуге болады. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) **негізделген;**<br>2) ішінара негізделген;<br>3) негізделмеген. | 1) Зерттеу барысында диссертация өзектілігі **негізделген,** яғни автор тарапынан жүргізілген талдаулар нәтижесінде білім беру үдерісінде АКТ құралдарын қолдану оқушыларға ақпаратты жеткізу үдерісін жеңілдетіп, ал мұғалімдердің цифрлық құзыреттіліктерін дамытпауы білім беру үдерісінің сапасын күрт төмендету қаупіне әкелуі мүмкін екендігін айқындаған. Сондықтан орта білім беру жүйесіне, бастауыш білім беру сатысына цифрлық технологиялардың педагогикалық әлеуетін толыққанды пайдаланып, технологиялық жаңалықтардың тұрақты ағынынан хабардар әрі болуы мүмкін өзгерістер мен бұзылулардың алдын алуға тырысу қажеттілігін негіздеген. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:<br>1) **айқындайды;** | 1) Зерттеу жұмысты талдау нәтижесінде анықтағанымыз диссертация мазмұны диссертация тақырыбын **айқындайды.** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) **сәйкес келеді;**<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | 1) Зерттеу жұмысында айқындалған мақсат пен қойылған міндеттер диссертация тақырыбына **сәйкес келеді.** |
| | | 4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) **толық байланысқан;**<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | 1) Кіріспеден, екі тараудан, қорытынды мен қосымшалардан тұратын диссертациялық жұмыстың барлық құрамдас бөліктерінің **өзара толық байланысы бар**, себебі әр бөлімнің мазмұны бір – бірімен логикалық тұрғыдан және бірізділік тұрғысынан байланысқан. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) **сыни талдау бар;**<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | 1) Зерттеу барысында алынған нәтижелерде **сыни талдау бар,** себебі автор тарапынан жүргізілген теориялық талдау нәтижесі, зерттеудің қарама-қайшылықтарын анықтауға мүмкіндік жасап, олардың шешімдері тәжірибелік эксперимент нәтижесінде алынған мағлұматтар мен олардың сынға алу ұстанымдары негізінде бағаланған. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) **толығымен жаңа;**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады) | 1) Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар **толығымен жаңа, олардың жаңалығы:**<br>- білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың мәндік сипаттамасы негізделіп, «бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерінің» авторлық анықтамасы берілгендігі.<br>- білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалғандығы. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | - білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалғандығы.<br>- білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемесі әзірленіп, тәжірибелік эксперимент барысында оның тиімділігі дәлелденгендігі. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) **толығымен жаңа**;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады) | 1) Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа, себебі:**<br>1. Зерттеу жұмысының авторы «құзыреттілік», «коммуникативтік құзыреттілік» және «шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілік» анықтамаларын нақтылап, дереккөздерге талдау нәтижесінде жасаған тұжырымдамалардың мазмұнына негізделе отырып, бастауыш сынып оқушысының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігі ұғымына авторлық анықтамасын ұсынған.<br>**2.** Диссертацияның қорытындыларының жаңалығы ол зерттеуші оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған тек дидактикалық міндеттерді емес, сонымен қатар шетел тілін меңгеру үшін тұлғаға қажетті жеке қабілеттерін ескере отырып, білім алушыларға қатысты іс-әрекеттік және прогностикалық міндеттерді ескеретін, шетел тілін тиімді оқытудың формалары мен әдістері жүйесін қамтамасыз етуге бағытталған арнайы педагогикалық шарттарды анықтап, жүзеге асырғандығында.<br>**3.** Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау негізінде, оларды тиімді жүзеге асыру үшін модельдеу әдісін қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалғандығы.<br>**4.** Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемесінің әзірленгендігі және тәжірибелік эксперимент барысында оны жүзеге асыру технологиясының тиімділігін дәлелдегендігі оның жаңалық дәрежесін айғақтайды. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) **толығымен жаңа**; | 1) **толығымен жаңа себебі,** диссертациядағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бойынша алынған нәтижелер эмпирикалық зерттеу әдістері негізінде зерделеніп, тұжырым жасалған. Зерттеудің шынайылығын көрсету үшін диссертант педагогикаға тән сандық және сапалық әдістерді пайдалана білген, атап айтқанда Пирсонның сызықтық корреляция формуласы мен статистик Чарльз Гилберт |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады) | Чедлоктың шкаласын қолданған. Ғылыми зерттеулерде жиі қолданыс тапқан авторлық әдістемелерді пайдалана отырып, зерттеу нәтижелерін көрсетуге бағытталған жұмыстар жасаған. Оларды диаграммалар арқылы дәлелдеу механизмдерін дұрыс қолданған. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан нақтылы дәлелдемелерде **негізделген.** Педагогика ғылымында зерттелген, дәлелді ақпараттар мен статистикалық мәліметтерді, талдаулар мен тұжырымдалған ғылыми ережелерді ескере отырып, диссертант зерттеу бағытына сәйкес тиімді әдістерді іріктеп алып, шетел тілі пәнінде пайдаланып, зерттеу нәтижелерінің шынайылығын растаған. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әрбір қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) дәлелденген;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиальды ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) иә;<br>2) жоқ | 7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>**1) дәлелденген.**<br>7.2 Тривиальды ма?<br>2) **жоқ, тривиальды емес**<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) **иә, жаңа.**<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>3) **кең.**<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) **иә толығымен дәлелденген.** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) **иә**;<br>2) жоқ | **1) Әдістеменің таңдауы негізделген** өйткені зерттеу жұмысын ұйымдастыру мен жүзеге асыру әдістемелерін талдау мен зерделеудің нәтижесінде автор білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді әдістемесін таңдауға мүмкіндік алған. Атап айтсақ, геймификация, инфографика және т.б. Осы әдістеме тиімді нәтижеге қол жеткізгендігі ол автордың шетел тілі бағытының ерекшелігін ескере ала отырып, цифрлық дәуірде педагогиканы қайтадан зерделеу, трансформациялық білім беруді зерделейтін тарихи-трансформациялық әдіснамалық тұғырына негізделгендігі. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) **иә**;<br>2) жоқ | **1) иә, өйткені** білім беруді цифрландыру мәселесі ғылыми ортада қызу талқыланып жатқан мәселелердің бірі екенін библиометриялық және ғылымиметриялық зерттеу арқылы көз жеткізген. Әлемдік ғылыми ортада библиометриялық және ғылымиметриялық талдау әдістері деректерді өңдеудің және интерпретациялаудың заманауи әдістемелері болып табылады.<br>Диссертант өз зерттеуінде библиометриялық зерттеулерді жүйелеуге, кластерлеуге және желілік талдау жасауға мүмкіндік беретін «Connected papers» бағдарламасын қолданған. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):<br>1) **иә**;<br>2) жоқ | **1) иә, себебі** диссертациялық зерттеу білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталып, ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделген. Осы уақытқа дейін жүргізілген теориялық зерттеулерді әрі қарай жетілдіру мақсатында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін теориялық және эмпирикалық әдістер арқылы әрі қарай тереңдетудің бағыттарын нақтылаған. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми | Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер жұмысты жазу барысында қолданылған 175 әдебиетке сілтеме жасаумен расталған. Оның ішінде шетел |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | әдебиеттерге сілтемелермен **расталған**/ішінара расталған расталмаған | ғылымдарының, ТМД елдері мен отандық ғалымдар зерттеулері қамтылған. Ал аталмыш зерттеу мәселесі бойынша диссертанттың соңғы бес жылдағы еңбектерге жасаған сілтемелердің саны елуден астам. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз | Әдеби шолу жасау үшін автор жеткілікті дереккөздерді пайдаланаған. Олар өзекті әрі маңызды болып табылатын және сенімді дереккөздер. Диссертацияда қолданылған әдебиеттер зерттеу жұмысының мазмұнына сәйкес келеді. |
| 9. | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) **иә**;<br>2) жоқ | **1) иә, өйткені** ғылыми жұмысты зерттеу барысында білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың мәндік сипаттамасының теориялық маңызы бар. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары:<br>1) **иә**;<br>2) жоқ | **1) иә**, зерттеу жұмысының авторы білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары бойынша даярланған авторлық оқу-әдістемелік кешені МЕОО «Erfolg» мектебінің оқу- тәрбие үдерісіне және Максим Танк атындағы БМПУ-дің біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының (Белоруссия, Минск қаласы) «Шетел тілі» мамандығы бойынша қайта даярлау бағдарламасына енгізілгені туралы 3 акт құрастырылды; |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) **толығымен жаңа**;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады) | 1) Диссертанттың практикалық ұсыныстары **толығымен жаңа, себебі** автор бастауыш мектепте білім алушылардың жас және дербес ерекшеліктеріне сай олардың шетел тілін оқуға деген эмоционалды-құндылықты қарым-қатынасы мен шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін тиімді қалыптастыруға бағытталған практикалық-әдістемелік ұсыныстарды жасаған:<br>- «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқыту бағдарламасы» атты ағылшын тілінен 36 сағаттық жоспардан тұратын әдістемелік нұсқаулықты кеңінен қолдану;<br>- «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінен жұмыс дәптері» атты электронды оқу-әдістемелік құралын тиімді пайдалану;<br>- «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілі бойынша интерактивті тапсырмалар жиынтығы» атты «Macromedia Flash» бағдаламасының негізінде жасалған авторлық оқу құралын бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде қолдану. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) **жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | 1) Академиялық жазу сапасы **жоғары**. Зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми материалдарға жан-жақты талдау жүргізгендігі, пайдаланған авторларға сілтеме келтіру және соңында автордың ой-тұжырым жасауы, әр тарауды өзара сабақтастықта байланыстыруы академиялық жазу сапасының жоғары екендігін байқатады. |

**Шешімі:** «Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» атты Каримова Гулим Сайлаубековнаның 8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмысы толық аяқталған, дербес жұмыс болып есептеледі, ал ізденуші Каримова Гулим Сайлаубековна философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп тұжырымдаймын.

**Ресми рецензент:**
п.ғ.д, профессор,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің
«Педагогика» кафедрасының меңгерушісі

**Бузаубакова Клара Джайдарбековна**

К. Бузаубакова қолын растаймын
«Дулати университеті» КЕ АҚ
Персоналды басқару қызметі
«12» 12 2023 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІ